

4 БӨЛІМ.

ӘДЕБИЕТТАНУ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

РАЗДЕЛ 4.

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ: ТРАДИЦИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

PART 4.

LITERARY STUDIES: TRADITION AND MODERNITY

ӘОЖ 82. 398:801.6.

ҒТАХР 17.71.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.039>

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ХАНЫМДАР МЕН ХАНШАЛАР БЕЙНЕСІ

*** Жумағалиева Р.Р.¹**

***¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда жасаған жыраулар поэзиясындағы ханымдар мен ханшалар бейнесінің көркемдік ерекшелігі талданады. Жыраулық мұрада сол дәуірлердегі ұлттық таным мен түйсіктің басты сипаты анық көрінетіндігі сөз етіліп, соған сәйкес ел есінде, жұрт жадында ханымдар мен ханшалар қандай іс-әрекетімен, бет-бейнесімен қалғандығы ғылыми тұрғыда зерттеледі.

Зерттеудің өзектілігі. Хан суреттелетін тұста, міндетті түрде ханым бейнесі де көрінетіндігі тұжырымдалады. Кейбір жырауларда нақты «ханым» деген сөз кездеспесе де, олар тудырған толғауларда ел басқарушының зайыбына қойылатын талаптар анық көрсетілетіндігі сараланады. Хандық дәуір әдебиетінде ханымдар мен ханшалардың зор құрметке ие екендігі «хан қызындай» секілді теңеулердің тууына себеп болып, оның әрі қарайғы әдебиетте жалғасын тапқандығы көрсетіледі.

Зерттеудің мақсаты. Хан ордасында ханымдар мен ханшалардың орны төр болғандығы, олардың мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатына зор ықпал еткендігі де зерттеу аясынан тыс қалмайтындығын таныту. Ханым бейнесінің мифтік аспектісі де ғылыми негізде сөз болатындығына назар аудару.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қысқалтаяң шақтарда, ел шетіне жау тигенде, орда тұрғындарының не істегендігі, қандай әрекет қылғандығы айтыла отырып, соның ішінде ханымдар мен ханшалардың сондай жағдайлардағы сезім-күйлері, оны жыраулардың көркемдік шындықпен

көрсете білу ерекшелігі, ханымның ел ішіндегі зор беделі, жұрт алдындағы асқан абыройы, жыраумен арадағы қарым-қатынасы, сыйластығы, екеуін байланыстыратын басты жайттарды, жыраулар поэзиясында ханымдар мен ханшалар хан сияқты басты көркемдік тұлға болмаса да, жанама кейіпкер ретінде көптеген тарихи сәттердің куәсі болғандығын тереңірек танытуда болып отыр.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы жыраулық мұрадағы ханымдар мен ханшалар бейнесі арқылы тарихи жадыны жаңғырту, сондай-ақ егемен еліміздің бүгінгі таңдағы гендерлік саясатын қолдау, әйелдердің қоғамдық ортадағы беделін арттыру болып табылады.

Мақалада тақырыпты ашу үшін жүйелеу, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, әңгімелеу секілді ғылыми әдістер жүзеге асырылды.

Тірек сөздер: жырау, бейне, хандық дәуір, хан, ханым, ханша, тарихи шындық, ел бірлігі

Кіріспе

Жыраулар поэзиясы көркемдік сапа мен эстетикалық жүйе тұрғысынан ұлттық әдебиеттің ең құнарлы бөлігін қамтитындығы белгілі. Хандық дәуірде өмір сүрген жыраулар қазақ мемлекетінің құрылуы мен қалыптасуы жолындағы сан алуан тарихи оқиғалар мен сәттерді ерлік пен елдік тақырыбында өз шығармашылығына арқау етті. Қазақ әдебиеті тарихының ХУ-ХУІІІ ғасырлар аралығын құраған классикалық жыраулар поэзиясы әрдайым әдебиеттанудың жіті назарында болды.

Өткен дәуірлердегі ұлттық дүниетанымның қайнар бұлағындай болған, көркемдік ойлау деңгейінің асқан биік сатысын танытқан хандық дәуір мұрасын уақыт талабына сәйкес жаңаша таным тұрғысынан зерделеп отыру қазақ әдебиеттану ғылымына қойылатын басты талап деп санаймыз. Себебі жыраулар поэзиясы жылдар өткен сайын ішкі қуаты артып, сыртқы келбеті айқындалып келе жатырған болмысы бөлек, бітімі алабөтен шығармашылық құбылыс екеніне еш дау жоқ.

Жырау өзі өмір сүрген қоғамда бірнеше маңызды қызметті қатар атқарған. Мәселен, ел басына күн туып, жау жағадан алғанда, қолына қару алып, қан майданға аттанып кете беру болса, тағы бірі – ел басқарған ханның ақылшысы, кеңесшісі болу, ХУ ғасырда Әз Жәнібектің қасынан Асан қайғыны көрсек, ХУІ ғасырда ноғай ордасын билеген Темір бидің жанынан сұңғыла Шалкиіз жырауды ұшыратамыз. ХУІІ ғасырда Есім ханның ордасында Марғасқа мен Жиёмбет жырау қол бастап жүрген, ал ХУІІІ ғасырда хан Абылайға атақты Бұқар, Үмбетей жыраулар өз кеңесін айтқан. Жырау ел басқарған хан мен халықтың, қалың бұқараның арасындағы алтын көпір іспеттес міндетті өз мойнына алған, қашан да әділдік пен шындықты жақтаған, сондықтан оның мінезі тік, сөзі өткір, адуынды. Тарихи миссиясы

хан ордасында жүзеге асқан жыраулар өз әдеби туындыларында сол ел басқарушының зайыбының, яғни ханымның бейнесін сомдады ма, сомдаса қаншалықты деңгейде, көркемдік қыр-сыры, бояуы нендей деген сауалдарға осы ғылыми мақаламызда жауап іздеп көреміз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Тақырыпты зерттеуде, ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы жыраулар поэзиясындағы ханымдар мен ханшалар бейнесін тарқатып көрсетуде тарихи-салыстырмалы, жүйелеу, тұжырым жасау, бақылау секілді әдістерді пайдаландық. Негізгі материал ретінде 1989 жылы «Жазушы» баспасынан М.Мағауин мен М.Байділдаев құрастырып шығарған «Бес ғасыр жырлайды» кітабының І томын басшылыққа алып, талдадық.

Нәтижелер мен талқылау

Ханым – ел билеушінің әйелі, болашақ тақ мұрагерінің анасы, ордада өзіндік орны бар, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына өз көзқарасын танытып отырған тұлға. Ханша – ханның қызы немесе қарындасы. Жыраулар поэзиясында хандардың бейнесі асқан шеберлікпен, зор идеялық мақсатпен суреттелетінін зерттеуші Б.Т.Бораш байыптаған [1]. Ал сол хандардың жанындағы құдай қосқан қосағы – ханымның, сондай-ақ қыздары – ханшалардың көркем бейнесін жыраулардың өмір сүрген кезеңдері бойынша зерделеп көрсетеміз.

Жыраулық поэзияның классикалық кезеңі Асан қайғы шығармашылығымен басталатындығы бәрімізге аян. Сәбитұлы Асанқайғының ғұмыр кешкен уақыты қазақ хандығының құрылған, қалыптасқан кезеңімен, яғни ХҮ ғасырдың орта тұсымен сәйкес келеді. Асан атаның артында қалған әдеби мұрасында Жәнібек ханның есімі жиі айтылып, тарихта қазақ мемлекетінің аяқтан тұруына тікелей мұрындық болған тұлғаның бейнесі жан-жақты сомдалған. Жыраудың демократиялық көзқарасы анық танылатын «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің» атты 36 тармақтан тұратын толғауында сөз зергері ханның ел билеу ісіндегі олқылықтарын бетіне басады. Жәнібектің ел шекарасын әлі күнге дейін бекітпегендігіне, кей сәттерде қымызға тойып алып, өзіне қараған қалың бұқараның қамын қаперден шығаратынына шындап ашуланады. Зерттеуші А.Шәріп «Түркі халықтары мәдениетіндегі Асан қайғы бейнесі» атты мақаласында жыраудың ханға «демократиялық форматта» сөз арнауы әрі қарайғы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясында «Бұқардың Абылайға», «Сүйінбайдың Тезек төреге», «Махамбеттің хан Жәңгірге» ашық үн қатуына алып келгенін айтады [2]. Жыраулық поэзияның басты сарыны, негізінен, романтикалық пафостан тұрса да, дәл осы толғаудан біз ел әрбір ісіне сүйсініп, өз атандырған Жәнібек ханның реалды бейнесін

көреміз. Осы тұста тарихшы ғалымдар арасында Өз-Жәнібек деген Алтын Орданы билеген Өзбекұлы Жәнібек пе, әлде қазақ хандығын басқарған Барақұлы Жәнібек пе деген талас бар екенін де еске салып кеткіміз келеді. Шоқан Уәлиханов [3], Шәкәрім Құдайбердіұлы [4], М.Мағауин [5] сынды ғалымдар Өз-Жәнібек деп Керей сұлтанмен бірге қазақ хандығының негізін қалаған тұлғаны атаса, зерттеуші Ж.Жақсығалиев тарихшы Құрбанғали Халидтің еңбегіне сүйеніп, Өзбекұлы Жәнібекті атайды [6]. Аталған мәселе нақты ғылыми шешімін табады деген ойдамыз, біздің зерттеу нысанымыз әдеби туынды болғандықтан басты назарды мәтіннің идеясы мен көркемдігіне аударамыз. Ендеше ел іргесінің сөгілмеуін тілеген, қазақ деген жұрттың ертеңіне аландаған Асан қайғының аталған туындысында ханның бейнесі сомдалған, ал енді ханымның көркем тұлғасы бар ма деген сауалға келсек: толғауда жырау «ханым» деп арнайы атамаса да, дәріптеп, құрметтемесе де, ел басқарушының көңілі ауып, бас қосқан әйелінің бейнесі айқын танылады. Бірақ Асан қайғы Жәнібек хан таңдап үйленген аруға риза емес, басты себеп – оның төре-сұлтан, хан сияқты текті жерден шықпауы:

Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан! [7, 14 б.]

Бұл тармақтардан көреген жыраудың болашаққа жасаған болжамын көре аламыз. Асан қайғыны алаңдататын ең басты жайт – хан таңдаған қарапайым қыздың оған болашақта хандықты әрі қарай жалғастыратын ұл туып бере алмайтындығы, мемлекет болашағының бұлыңғырлығы. Ханның ел мүддесіне соншалықты салғырттығы жыраудың ішкі ызасын тудырып, оған осыншалықты дәрежеде еш бұлтармастан, қаймықпастан өктем сөйлеуге мәжбүр етеді. Тарихқа жүгінсек, Жәнібек ханның ізін жалғастырып, қазақ хандығының күшеюіне тікелей ықпал еткен оның ұлы Қасымды дүниеге әкелген – Жаған-бегім ханым. Жәнібек ханның ханымы Жаған-бегімнің жоғарыда аталған тармақтардағы «қараның қызы» болуы мүмкін емес. Себебі, Асан қайғының бұл толғауы қазақ хандығы құрылғаннан соң, Керей хан өмірден өтіп, Жәнібек оның орнына таққа отырғаннан кейін біздің болжамымыз бойынша 1460-жылдары туса керек, ал бұл уақытта болашақ тақ мұрагері Қасым (1445-1521) атқа мініп, қолына қару алып, ер жетіп қалған еді. Ел басқарушының алған жарының тегіне риза болмау сарынын жыраулық поэзияда ХҮІІІ ғасырда Бұқар жырау жалғастырады, Абылай ханға арнаған толғауында:

Ей, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,

Қара тумас сарадан [7, 100 б.], – деп жалғасады. Ханның ордасына емін-еркін кіріп-шыққан Асан қайғының шығармашылығында

сол мекеннің басты тұрғыны саналған ханым бейнесі ашық түрде көрінбесе де, жырау тармақтарынан жалпы ел басқарған жанның жұбайына қатысты өз пікір-көзқарасы анық танылады. Атап көрсетсек, ел билеушінің зайыбының шыққан тегі негізгі рөл атқарады, өйткені одан тарайтын ұрпақ тек мемлекеттің демографиялық ахуалын ғана көтермейді, сонымен қатар оның болашағы үшін де тікелей жауап береді, сондықтан жырау дәл сондай маңызды жайтқа жеңіл-желпі қарай алмайтындығын көрсеткен.

Қазақ жыраулар поэзиясының ХҮІ ғасырда өмір сүрген келесі бір өкілі – Доспамбет жырау болып саналады. Әкесінің есімі ешбір деректе кездеспесе де, туған өлкесін өз атының алдына қойып, жыр толғаған Азаулының ер Доспамбет ағасы туралы шындыққа сүйенген аңыз көп. Бізге белгілі мәліметтерге қарағанда жау жағадан алғанда, қалың қолды бастаған Доспамбет жыраудың ғұмыры тым қысқа болғанға ұқсайды. Батыр-жырау өмірден өте ерте, жас уағында өткендіктен оның туындыларында тіршілік туралы ұзағынан толғану, басқа жыраулардай ел басқаруға қатысты өзіндік ой-көзқарастарды тізіп беру сияқты поэтикалық суреттерді кездестірмейміз. Шығармашылығынан нағыз жауынгерлік рух пен қайсарлық ғана танылатын Доспамбетті ешқандай ел басқарушының жанын да көрмейміз, оның ханға айтқан ақыл-кеңесі де қалмаған. Бірақ Доспамбеттің толғауларынан анық көрінетін жайт – оның өзін әрдайым хан-сұлтандардан биік қоюы:

Тәңірінің өзі берген күнінде,

Хан ұлынан артық еді менің несібем! [7, 32 б.]. Елі мен жері үшін қанды соғысқа қаймықпай аттанып, талай рет жеңістің туын желбіреткен жырау ханның алдында ешқашан төмендемейтінін, намысын таптатпайтынын алға тартады. Сондықтан болар оның артында қалған толғауларынан «хан» сөзімен қатар «ханым» ұғымын да ұшыраттық. Батыр-жырау өзінің жауынгерлігін, жауды көрсе ақиятын алпауыт күш-жігерін «хан ұлына несі жоқ, би ұлынан несі кем!» [7, 32 б.] деп бағаласа, үйдегі сүйген жарын, ұлдарының анасын:

Хан қызындай сұлтанның

Айдыңдықтай ақ білегін жастанып,

Ерен үйін тіктіріп,

Омыраудағы он түймесін ағытып,

Кейінгі қалған көпекке

Қалай да белін шешті екен!.. [7, 33 б.] – деп суреттейді. Әли ағаның қызы, Қосақай мен Қосай, ер Досайдың анасының бейнесі тіршілікпен қош айтысып жатырған жырау үшін тым биік, ерекше ыстық, сондықтан оның аузына басқа емес «хан қызындай» деген тіркес түсіп тұр. «Хан қызындай» теңеуінің көркемдік мәні – текті, өте қадірлі, сыйлы, беделді, өзіне ғана жарасатын тәкаппарлығы бар дегенге саяды. Жампоз жырау сондай асыл жанның өзгеге бұйыратынына налиды, ал жорықтан

қайтқан жауынгерлердің арасынан әкесін таппаған ұлдарын ойлағанда, жүрегі қарс айырылады. «Хан қызындай» қосағы жауға олжа болып кетуі мүмкін немесе әмеңгерлік салтпен өз ағайынының босағасын аттайды. Қалай болғанда да жыраудың лирикалық кейіпкері үшін сүйген жары «хан қызындай» қалпында оның көңілінің төрінен орын тепкен.

«Ханқызындай» деген теңеуді кейінгі дәуірлердегі әдеби туындылардан іздестіре келе алаштың ардақтысы М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романынан көрдік:

Хан қызындай басымды,
Бір жаманға тең еттің» [8, 73 б.]

немесе:

Жасымнан тәрбиелі хан қызындай,
Қасірет ақырында тартқаным ба? [8, 87 б.]. Таз Жұманға өзін

лайық санамаған Жамалдың өзіне берген бағасын автор осылай суреттеген екен.

Санаулы ғұмырын елін қорғау жолында жорықта өткізген Доспамбет сынды көзсіз батыр жырауды ел басқарған ханның қасынан, оның ордасының маңынан көрмесек те, артында қалған әдеби дүниесіндегі «хан қызындай» деген теңеу арқылы орта ғасырдағы сөз зергерінің дүниестанымында «ханым», «ханша» атты ұғымдардың мағынасы соншалықты салмақты, маңызды болғанына көзіміз жетеді.

Тарих сахнасына ХҮІІ ғасыр ұлт үшін небір сойқан соғыстар мен тартыстардың, мемлекеттігіміздің тағдыры сынға түскен сипатымен енді. Билік басына ел басқаруда өзіндік стратегия мен даму жолын ұсынып, қалың бұқараның жадында «Ескі жолымен» қалған Есім хан (1565-1628) келді, ал әдебиет тарихынан оның жанында ержүрек жырау Жиёмбет Бортоғашұлы (ХҮІІ ғ.) болғанын білеміз. Жиёмбет жырау – дархан даланың төсінде емін-еркін өскен, қолына найза алып елі мен жерін қорғаған, көмейінен толғау төгілген ерекше талант иесі. Жиёмбеттің шығармашылығынан қайтпас қайсарлық, өзгеше өрлік, болмысы бөлек бекзаттық байқалады. Есім ханға қарата айтылған туындысында жыраудың ел басқарушыға бағыттаған әрбір сөзінен өзіне деген зор сенімі мен мұқалмас жігерін ешбір тұспалсыз, астарсыз анық көреміз. Тарихтан белгілі туған бауыры Жолымбеттің ханға арнайы келе жатырған «сыйлыққа» жолай көз салуы салдарынан жыраудың Есіммен арадағы алтын көпір достығы, өзара түсіністігі мен сыйластығына селкеу түседі. Ел билеушінің қаһарына ұшыраса да Жиёмбет еш жасымайды, ойындағысын іркілмей баяндайды, өйткені ол Есім ханның алдында алғаш рет сөз сөйлеп отырған жоқ, бұған дейін де талай тарихи сәттерде ақылын айтып, кеңесін тыңдатты, батырлығын мойындатты, асыл сөзімен жанына жалау, көңіліне демеу болды:

Ес білгенден, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,

Қолтығыңа болдым демесін, – дейді [7, 52 б.]. Ел басына күн туған қысылтаяң шақта әрдайым ханның қасынан табылған жыраудың әдеби мұрасында «ханым» сөзінің болуы да заңды құбылыс деп есептейміз. Өйткені ер жүрек жырау ордаға келгенде, ханмен кеңескенде, ел бүгінін сөз етіп, ертеңін талқылағанда, ханымды көрмеуі мүмкін емес. Игі жақсылар ордада бас қосқанда, олардың сусындатып, қымыз ішуі, ыссы тағам жеуі кәдімгі жағдай десек, онда хан дастарханына ханым басшылық ететіні де белгілі. Сан мәрте басын бәйгеге тігіп, жанын құрбандыққа шалудан еш қаймықпаған, атамекенінен алыстатылып, кіндік қаны тамған жұрттан жыраққа кетіп бара жатырған жыраудың көңілі мұң мен қайғыға толы:

Көруші едім, Есім хан,

Ханымды күнім, сізді айымдай, – дейді [7, 53 б.]. Зер сала қарасақ, жырау бірінші ханды емес, ханымды айтады. Әрине, поэтикалық форма тұрғысынан «ханым» сөзінің тармақ басынан орын тебуі заңдылық екенін білсек те, дәл осы жолда автор дүниетанымы «ханым» ұғымын мақсатты түрде «ханның» алдына түсірген деп есептейміз, өйткені жыраудың қырағы ойының көркемдік-эстетикалық мақсаты ел билеуші үшін оның зайыбынан, жер басып жүрген ұрпағының анасынан артық жанның жоқтығына, оның көңілінің төрінде тұратынын меңзеп тұр. Осы тұста жыраулар поэзиясын зерттеуші А.Әлтайдың мына пікірін келтіре кетсек: «Есім хан әулетін күн мен айдай көретін Жиёмбет турашылдық пен әділдікті қолдады» дейді [9, 122 б.]. Ханым – күн, хан – ай. Күн мен ай – көркемдік параллелизм. Күн – жарықтың мәңгілік символы, тіршіліктің өшпес көзі, әлемге нәр беруші. Дүниедегі жаны бар барлық тіршілік иесінің өсіп-өнуіне, көбеюіне күннің көзі керек, күннен жылу, қуат, күш тарайды. Міне, сондықтан автор ел құрметтеп, жұрт қадірлеген ханымды тіршіліктегі ең биік құбылысқа, аспандағы күнге балайды. Ханым – ханның жанында жүріп, елдің ертеңіне деген үмітін үкілеуші, сенімін қайраушы, жақсылыққа бастаушы, мемлекеттік саясатта күн секілді шуағын шашып, жылуын таратып, оның өркендеуіне қолынан келгенше көмегін беруші. Ал ханды сол күннің параллелі, оны түнде алмастыратын жарыққа – айға теңейді. Фольклортанушы ғалым Ж.Аймұхамбет көптеген халықтардың мифтік танымы бойынша ай – еркек, күн – әйел бейнесінде танылатынына назар аударады [10, 127 б.]. Жиёмбет жырау Есім ханды «айымдай» дей отыра, оның өзі билеп отырған еліне істеген еңбегінің ерен, ұшан-теңіз екенін тілге тиек етіп, стратегиясының, мақсат-межесінің айқындылығына, айдай анықтығына еш күмән келтірмейді. Лингвист ғалым Б.Нұрдәулетова қазақ ақын-жырауларындағы параллелизмдерден тек көркемдік мақсатты ғана танып қоймайтынымызды, сондай-ақ ұлттық болмыстың когнитивтік

құрылымын да анық көретінімізді алға тартады [11, 61 б.]. Күн мен ай бірін-бірі алмастырады, бірін-бірі толықтырады, күн ұясына қонған соң ай туады, ай кеткен соң күн шығады, сайып келгенде бұл екі ұғым өмірдің философиясы болып табылады, жыраудың елдің ең басты екі адамын көктегі қос жарықпен байланыстыруы оның дүниетанымының аса терең, көркемдік ойлау жүйесінің өміршеңдігін танытады.

«Еңсегей бойлы ер Есім» деп басталатын толғауының аяқталар тұсында ханға ашулы алшыннан шыққан атақты Жиёмбет жырау оның ел басқарудағы кемшін тұстарына да арнайы тоқталады. Соның ішінде қалмақтың Бөрі деген ханы елге шабуыл жасағанда, ордадан қалаға қарай қашып кеткендігін бетіне басады. Ғалым М.Мағауин Есім хан әскерінің қалмақтарды үнемі ойсырата жеңгендігін, жыраудың бұл айтып отырған жеңілісі шамамен 1620 жылдарда қалмақтың тайшысы бітімгерлікті көздеген елшісін жібере отырып, өзі қазақ ауылдарына тұтқиылдан соғыс бастап кеткені болса керек деген пікірді алға тартады [5, 63 б.]. Бізге қажеті – осы қайғылы көріністің бел ортасында ханшаның да жүруі:

Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханыша
Қалада тұрып жылаған...[7, 53 б.].

Жаудың айтып келмейтіні анық, ойламаған жерден орданың тас-талқанын шығарып жатқан дұшпанның іс-әрекетіне ханшаның реакциясы көз жасынан көрінеді. Өйткені ханша – көзін ашқалы үлде мен бүлдеге оранып, арнайы күтушінің қызметіне жүгінген, ордадағы сыйы мен құрметі өзгеше, маңдайы күнге тимеген, желге шашын үрмеген, ел басқарушы мен ханымның сүйікті де сүйкімді қызы. Сол ханшаның, «қаз мойынды» нәзік жаратылыстың, ел ішін қалмақ басқан сәтте қараусыз, жалғыз қалып қоюы – өте ұят, кешірілмейтін жағдай, соны жақсы білген жырау әдейі ханның титығына тию үшін, ашу-ыза, өкпесін анық көрсету үшін оның жанды жерінен, яғни басына күн туғанда, өз жайын ғана күйттеп, тіпті, туған қызына да бұрылмай кеткен өзімшілдігін алға тартады. Дәл осы тармақтарда Жиёмбет өзін елден қуған ел басқарушыға ең ауыр, жүрегіне тура жететін жайттарды тізбелейді, соған сәйкес салмағы зілді сөздерді таңдап толғайды. Автордың лирикалық қаһарманы үшін адресаттың қиналғаны, жігерінің жасығаны, өрекіпген көңілінің су сепкендей басылғаны ғана керек болып тұрғандай. Арада екі ғасыр өткенде, жыраулық поэзияның қайнар бұлағынан нәр алған Махамбет батыр орыс отаршылдары кіші жүзге хан етіп сайлап қойған Жәңгірге арнаған бір толғауында:

Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім [7, 190 б.] – деп тепсінеді. Бұл

поэтикалық жолдардан ел басқарған ханның қасы, төрдегі орын қашан да ханымдікі болғанына көзіміз жетеді.

Әдеби мұрасы ХҮІІ ғасырға тиесілі Жиёмбет жыраудың батыр тұлғасы, көркемдік-эстетикалық сапасы әлі талай зерттеулерге арқау болатын тамаша толғаулары туған халқымен бірге жасай беретініне еш күмәніміз жоқ екенін ғана айтқымыз келеді.

ХҮІІІ ғасырда жасаған классикалық жыраулар поэзиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі деп Ақтамберді Сарыұлын айтамыз. Ұлан-ғайыр қазақ даласының шығыс бөлігінде туып-өсіп, саналы ғұмырын елінің бостандығы мен азаттығы жолындағы қанды күреске арнаған жампоз жыраудың артында саф алтындай мол әдеби қазына қалды. Ақтамбердінің өзге жыраулардан айырмашылығы ол өз толғауларында балалық шағынан сыр шертеді, жетімдік пен жоқшылық сипатындағы қайғылы күндері есінен ешқашан шықпайтындығы туралы көп күңіренеді, ел сыйлаған батыр, жұрт қадірлеген сөз майталманы болуына бірден-бір себеп болған жайттың да сол екенін алға тартады. Сондай-ақ жаугершілік заманда соғыстан әбден қажыған, қантөгіс, ерегіс титығына жеткен Ақтамбердінің толғауларында бейбіт, мамыражай, жайбарақат күндерді аңсау, сағыну сарынын да аңғару қиын емес. Жылқыны сойып, етін қазанға салып, астына отын жағып, игі жақсыларды қонақ етіп шақырып, табақ тартып, көңілді кеңес құрып отырар шақтардың өте сирек болатынына жыраудың лирикалық кейіпкері кәдімгідей налып, өкініш білдіреді. Ойдың арғы түкпіріндегі, арманның ең биігіндегі ондай жайлы, майлы, сайлы өмірге жету үшін жан-жақтан анталаған жауды жапыра жеңіп, дұшпанның дыбысын шығартпай қою шарты тұрғанын жырау жақсы түсінеді. Сондықтан ол өз ішінен шыққан көркемдік тармақтарда ең әуелгі іс – қалмақтардың қанын судай сапыру екенін жырлаудан жалықпайды.

Ақтамберді толғауларындағы көркемдік суреттердің қай-қайсысы да көшпелі тұрмыстың ең әдемі, әсерлі көрінісімен өрнектеледі. Жырау шығармашылығында ел басқарған хандарға ақыл айту, кеңес беру секілді сарын жоқ. Ақтамберді – күрескер, батыр, ержүрек жырау. Оның әдеби мұрасынан «хан» сөзін кездестірсек те, «ханша» ұғымын ұшыраттық. «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауында автор тыныштық пен жайлы күнге жетудің негізгі жолы – жауды жеңу деген идеяның айналысында:

Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз? [7, 62 б.] – деп армандайды.

Армандап қана қоймаған, ондай жеңісті күндердің талай рет куәсі, басты себепкері де болған, толғауда сондай бақытты сәттердің жиі көрініс беруін көксегендей. Көрсетілген тармақтардан әуелі «ханша» сөзінің алдында ұйқасып тұрған «наршаға» тоқталайық. Нар, бәрімізге белгілі, түйе малының бір өркешті, өте қайратты, күші ерен бір түрі. Толғауда «нарша» деп келтірілген, «ша» – зат есім тудырушы жұрнақ, яғни өзі тіркескен сөзге кішірейтілген мағына береді, мысалы, кітапша, жалауша, т.б. Ендеше, «нарша» - жас нар деген ұғымға саяды. Жыраудың поэтикалық қолданысында буыршын, атан, бура емес, «нарша», себебі жүріске мықты жас түйені олжалау көрер көзге қуаныш сыйлап, болып жатырған оқиғаның бояуын қанық қыла түскендей. Ал енді оған ұйқасқан бізге қажетті «ханшаға» талдау жасасақ, әрине, «ханша» да өзінің алдына параллель қойылған «нарша» секілді – орданың ең жас, ең қадірлі, ең нәзік тұрғыны, ханшаны аттың артына мінгізіп, алып кету – жаугершілік заманның өте әсерлі көрінісі. Ол жай ғана ару емес, сол елді басқарып отырған жанның, яғни ханның «әлпештеген ханшасы», мәпелеп өсіріп отырған қызы, оның олжа болып кетуі – кешірілмейтін жайт, артында үлкен кек тұрған тарихи мәселе. Ержүрек жырау Ақтамбердінің суреткерлік шеберлігі, өз туындысына ой, соған сәйкес сөз таңдау талантын осы екі тармақтан-ақ толық тануға болады.

XVIII ғасырда қазақ әдебиетінің, ұлттық сөз өнерінің көшін Бұқар Қалқаманұлы бастады. Кемеңгер, ойшыл жырау Бұқардан қалған қазынаның көркемдік, идеялық құндылығы заман ауысып, дәуір жылжыған сайын артып келе жатыр. Жырау шығармашылығының басты лейтмотиви – ел бірлігі, ұлт азаттығы, дін тазалығы, мемлекеттің біртұтастығы. Хан ордасында, Абылайдың жанында отырып, көреген жырау көптеген елдік мәселелердің оңтайлы шешілуіне ықпал етті. Терең білімі мен көпті көрген тәжірибесіне жыраулық таланты қосылып, Бұқардың азаматтық тұлғасы тарих жадында мәңгілікке қалды. Өз кезеңінде, одан кейін де елдің есінде көмекей әулие атанған Бұқар бабамыздың аузынан шыққан әрбір сөздің салмағы ұлт тағдыры үшін өте маңызды болды.

Қалқаманұлы Бұқар шығармашылығындағы басты кейіпкер, негізгі бейне – хан Абылай болғаны бәрімізге мәлім. Абылайдың ел басқарудағы әрбір қадамы, бағыты, жүрісі жырау толғауларының тақырыбынан тыс қалмады. Үш жүздің басын қосқан Абылай мен қарт жырау өте тығыз қарым-қатынаста, қоян қолтық араласты. Абылайдың ел билеген кезеңін кемеңгер жырау қазақ тарихындағы ең бейбіт, мамыражай өмір деп бағалағаны да мәлім. Хан Абылайдың есімін оның толғауларынан сан мәрте кездестіреміз. Ал енді сол ел басқарушының ханымының бейнесі Бұқар тудырған тармақтарда бар ма деген сауалға келсек: Көмекей жыраудың тау бұлағындай мөлдір, таң самалындай саф таза толғауларында «ханым» деген

сөз екі рет ұшырасады. Оның «Бағаналы орда, басты орда» деп басталатын 37 тармақтан тұратын толғауы бар. Бұл туынды сол тұстағы қазақ хандығының астанасына арналғандай, әрбір жолы «жұрт» сөзімен аяқталатын туындыдан жыраудың лирикалық қаһарманының оптимистік көңіл-күйін аңғарамыз, ол өзінің басты ордада жүргеніне, игі жақсыларды көргеніне, елдің жайлауға шыққанына, халықтың жамандықтан жиреніп, жақсылықты ғана ұққанына, ас пен тойдың көп екеніне дән риза, өте қуанышты және ең көңілді елең еткізетіні – осындай жарастық пен келісімнің бел ортасында ханымның шалқып жүруі:

Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.
Ханым берген қамқа тон,

Жырау киіп кеткен жұрт [7, 87 б.]. Бұл төрт жолда екі кейіпкер көрінеді, ханым мен жырау, екеуі өзара бірлікте, сондай-ақ қалың жұрттың да ханымға деген ерекше сыйластығы ол орталарына келгенде, анау-мынау емес, «көлдей қамқа» төсеп қарсы алуынан көрінеді, қамқа – алтын мен күміс араласып тоқылған жібек мата болып табылады екен. Өз кезегінде ханым да халықпен кездесуге құралақан келе салмаған, ел ішіндегі ең сыйлы жанға деп арнайы қамқа тон ала келіпті және оны орда мен бұқараның ортасындағы алтын көпір – жырауға сыйлап кеткеніне куә боламыз. Аталған толғаудың ханым бейнесі қылаң беретін шағын ғана бөлігінен өзгеше құрметті, молшылықты, сұлулықты, бейбітшілікті байқаймыз. Бұл дегеніңіз Абылай заманында тек ханның өзі ғана емес, оның ханымы да елдің есінде ерекше жомарттығымен, асқан беделімен қалғанына көзімізді жеткізеді.

Жыраулар поэзиясында жалпы әйелдер бейнесі өте сирек кездессе де, сол тұстағы қоғамның нәзік жандыларға деген ерекше сыйластығы, құрметі анық байқалады: «...олардың абзал әжеден – саналы жарға дейінгі адами болмысы мен адамгершілік ұстанымдары дидактикалық бағытта өріледі» [12, 458 б.].

Саналы ғұмырын хан ордасындағы мемлекеттік маңызы бар іске арнаған, ханды қалай жиі көрсе, оның зайыбы да солай көз алдында жүрген Бұқар жыраудың әдеби мұрасында ханым бейнесі көп кездескен болуы да мүмкін, бірақ жазу-сызуы кеш дамыған тарихымызда көп жәдігеріміз ауызша айтылған күйі қалып қойғаны белгілі.

Қорытынды

ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда туған жыраулар поэзиясы ұлттық әдебиеттің алтын қорынан орын алады, өйткені онда халқымыздың хандық дәуірдегі идеологиясы, арман-мұраты, мақсат-межесі, ел ертеңіне, ұлт болашағына деген зор сенімі жатыр. Сондай-ақ жыраулар тудырған толғаулардан сол

дәуірдің лебін, үнін, ырғағын, тынысын толыққанды сеземіз. Ең бастысы, билік пен халық арасындағы қарым-қатынасты молынан түйсіне аламыз, қалың бұқараның ханға, оның айналасына деген көзқарасын анық көз алдымызға елестетеміз, соның ішінде хан тақта отырса, оның қасында, төрге жайғасқан ханымның да бейнесі жыраулық поэзияда бар екеніне, нақты көркемдік сипатқа ие екендігіне көптеген мысалдар келтіріп, айқын дәлелдемелермен көрсетіп кеттік. Хандық дәуір әдебиетінде ханым бейнесінің маңызды рөл атқаратынына көз жеткіздік.

ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы классикалық жыраулар поэзиясынан, хандық дәуірде туған әдеби мұрадан, соның ішінде Асан қайғы (ХУ ғ.), Доспамбет жырау (ХУІ ғ.), Жиёмбет жырау (ХУІІ ғ.), Ақтамберді жырау (ХУІІІ ғ.), Бұқар жырау (ХУІІІ ғ.) шығармашылығындағы ханымдар мен ханшалар бейнесін зерделей келе мынадай тұжырымдар жасадық:

Біріншіден, идеясы елдік пен ерлікке негізделген толғауларда ел басқарған ханның көркемдік бейнесі толық сипатта, айқын көрінген тұста, міндетті түрде оның ханымының да бейнесі қылаң береді. Мәселен, Асан қайғы Жәнібек ханға айтқан толғауында «ханым» деген сөзді келтірмесе де, ел басының зайыбына қоятын талаптарын нақты атап өтеді (ең бастысы, текті жерден шығуы).

Екіншіден, жыраулар туындысында нақты ханға қаратылып айтылған тармақтар болмаса да, автордың сөз кестелеуінде, көркемдік сипат қалыптастыруында, дүниетанымында «ханым» ұғымының әрдайым биіктен көрінетіндігі, үнемі жоғары тұратындығы. Мәселен, Доспамбет жырау өз әйелін «хан қызындай» деп суреттеуі.

Үшіншіден, ХУ-ХУІІІ ғасырлардың әдебиет тудырушы қайраткерлері ел басқарушыны мақтаған, оның саясатын қолдаған сәттерде ғана емес, керісінше, оған сын айтып, мін таққан кездерде де оның өзінің, жұбайының, яғни ханымының ел-жұрт үшін, халық үшін қашан да көңілдің төрінен орын алатындығын көрсеткен көркемдік сәттер, мысалы, Жиёмбет жыраудың «ханымды күнім, сізді айымдай» деп сөз тізбелеуі.

Төртіншіден, ел басына күн туып, жау жағадан алғанда, соғыс оты тұтанған сын сағаттарда да ханымдар мен ханшалардың іс-әрекеті қарапайым халықтан ерекшеленген, олардың қанды қырғыннан шошынуы, қашуы сияқты әр түрлі сезімдерді бастарынан өткеруі де толғау тармақтарынан тыс қалмаған, мысалы, Жиёмбет жыраудағы «қаз мойынды ханша, қалада тұрып жылаған», Ақтамбердідегі «әлпештеген ханшасын ат артына мінгізіп» деген тармақтар бұған дәлел бола алады.

Бесіншіден, ханымдар қашан да халықпен бірге, халық пен ханның арасындағы алтын көпір – жыраулармен бірге екені көрінетін тұстар, мысалы, Бұқар жыраудың «Бағаналы орда, басты орда» толғауындағы ханымның құрметке бөленуі.

Міне, осындай көркемдік қасиеттер жыраулар поэзиясында суреттелген ханымдар мен ханшалар бейнесіне тән болып келеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бораш Б. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі. – Алматы: «Білім», 2007. – 512 б.

[2] Шәріп А. Образ Асан Кайғы в культуре тюркских народов // *Turkic Studies Journal*. – 2020. – No. 2, Volume 2.

[3] Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2010. – 144 б.

[4] Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 52 б.

[5] Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 432 б.

[6] Жақсығалиев Ж. Әз-Жәнібек хан тарихы // *DANAqaz* журналы. – 2014. – №13.

[7] Бес ғасыр жырлайды (Құрастырғандар: М.Мағауин, М.Байділдаев). Т. 1. – Алматы, 1989. – 384 б.

[8] Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы, 2000. – 366 б.

[9] Әлтай А. Жиёмбет жырау толғауларындағы көшбасшылық идея // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1 (142). – Б. 119-125.

[10] Аймұхамбет Ж. Мифтік танымдағы анимизм және көркем әдебиеттегі кейіптеу // «Мәдени мұра» ғылыми журналы. – 2021. – №1 (92).

[11] Нұрдаулетова Б. Жыраулар мәтініндегі поэтикалық-психологиялық параллелизмдердің прагматикалық сипаты // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №1 (138).

[12] Жұматаева А. Абай поэзиясындағы гендерлік дискурс // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2023. – Т. 70. – №. 3. – Б. 452-469.

REFERENCES

[1] Boraş B. Folklor men aqın-jıraw poéziyasındaǵı xandar beynesı [The image of the khans in folklore and zhirau poetry]. – Almaty: «Bilim», 2007. – 512 b. [in Kaz.]

[2] Şerıp A. Türki xalıqtarı mädeniëtindegi Asan qayǵı beynesı [The image of Asan kaiga in the culture of Turkic peoples] // *Turkic Studies Journal*. 2020. – No., Volume 2. [in Kaz.]

[3] Wälihanov Ş. Köp tomdıq şıǵarmalar jınaǵı [Multivolume collected works]. – Almaty, 2010. – 144 b. [in Kaz.]

[4] Qudayberdiulı Ş. Türik, qırǵız-qazaq häm xandar şejiresi [Turkish,

kyrgyz-kazakh and khan annals]. – Almaty, 1991. – 52 b. [in Kaz.]

[5] Mağawin M. Ğasırlar bederi [Relief of the ages]. – Almaty: «Zhazushi», 1991. – 432 b. [in Kaz.]

[6] Jaqsıǵalıev J. Äz-Jänibek xan tarixı [History of az-Zhanibek khan] // DANAqaz jwrnalı. –2014. – №13. [in Kaz.]

[7] Bes ğasır jırlaydı (Qurastırǵandar: M.Mağawin, M.Baydildaev) [Five centuries sing]. T. 1. – Almaty, 1989. – 384 b. [in Kaz.]

[8] Dwlatalı M. Bes tomdıq şıǵarmalar jınaǵı [Five volume collected works]. T.1. – Almaty, 2000. – 366 b. [in Kaz.]

[9] Ältay A. Jiembet jıraw tolǵawlarındaǵı köşbasılıq ideya [Leadership idea in Jiembet zhyrau] // L.N.Gwmilev atındaǵı EUW xabarşısı. Filologiya seriyası. – 2023. – №1 (142). – B. 119-125. [in Kaz.]

[10] Aymuxambet J. Miftik tanımdaǵı animizm jäne körkem ädebiettegi keyiptew [Animism in mythical cognition and depiction in fiction] // «Mädeni mura» ğılımı jwrnalı. – 2021. – №1 (92). [in Kaz.]

[11] Nurdäwletova B. Jırawlar mätinindegi poétikalıq-psixologiyalıq parallelizmderdiñ pragmatikalıq sıpatı [Pragmatic description of poetic-psychological parallelisms in the text of zhirau]// L.N.Gwmilev atındaǵı EUW xabarşısı. Filologiya seriyası. – 2022. – №1 (138). [in Kaz.]

[12] Jūmataeva A. Abai poeziyasındaǵy genderlik diskurs [Gender discourse in Abai's poetry] // Abylai han atyndaǵy QazHqJäneÄTU Habarşysy. Filologia ğylymdary seriasy. – 2023. – T. 70. – №. 3. – B. 452-469. [in Kaz.]

ОБРАЗ ХАНУМОВ И ХАНШИ В ПОЭЗИИ ЖЫРАУ

*Жумагалиева Р.Р.¹

*¹ Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
Актөбе, Казакстан

Аннотация. В статье анализируются художественные особенности образов ханум и ханши в созданной в XV-XVIII веках поэзии жырау. Отмечается, что в наследии жырау отчетливо видны основные черты национального самосознания и чувства той эпохи, в соответствии с чем с научной точки зрения исследуется то, благодаря каким действиям и какому облику образы ханум и ханши остались в памяти народа, в памяти всех людей.

Актуальность исследования. Выявляется, что там, где изображается хан, обязательно появляется образ ханум. Проанализировано, что, даже если в отдельных жырау не встречается конкретно слово «ханум», в исходных для них толгау четко прописаны требования, предъявляемые к супруге управляющего страной.

Цель исследования. Показать, что в поле исследования не останется без внимания факт того, что ханум и ханши занимали важное место в литературе эпохи ханства и сыграли особую роль во внутренней и внешней политике государства. Обращается внимание на то, что мифический аспект образа ханум также является основой научного исследования.

Научная значимость исследования. Рассказывая о том, как в самые тяжелые времена, когда враг нападал на окраины страны, что делали жители Орды, какие поступки совершали, в том числе какими были чувства ханум и ханши в таких ситуациях, обстоятельно исследуются особенности того, как жырау в художественно реалистичной форме это изображают, показывая высокий авторитет ханум в стране, её непоколебимую честь перед народом, её отношения с жырау, взаимное уважение, основные моменты, связывающие их, несмотря на то, что ханум и ханши не являлись главным художественным образом в поэзии жырау, как хан, но даже в качестве второстепенных персонажей были свидетелями многих исторических моментов.

Практическая значимость исследования заключается в возрождении исторической памяти через образы ханум и ханши в наследии жырау, а также в поддержке современной гендерной политики суверенной страны, повышении авторитета женщин в общественной среде.

С целью раскрытия темы в статье были реализованы такие научные методы, как метод систематизации, сравнительно-исторический, описательный.

Ключевые слова: жырау, образ, ханская эпоха, хан, ханум, ханша, историческая реальность, единство страны

THE IMAGE OF KHANUMS AND KHANSI IN THE POETRY OF ZHYRAU

*Zhumagaliyeva R.R.¹

*¹ K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. The article analyzes the artistic features of the image of khanums and khansi in the poetry of Zhyrau, created in the XI-XIII centuries. It is noted that in the legacy of Zhyrau, the main characters of national knowledge and perception of those eras are clearly visible, according to which scientific attention is drawn to the actions and image of khanums and khanshi remained in the memory of the country, in the memory of people.

Relevance of the study. Where Khan is depicted, it turns out that the image of Khanum will definitely appear. In some zhyrau, if the specific word “khanum” is not found, it will be analyzed that the requirements for the spouse of the country’s governor are clearly spelled out in the tolgau provoked by them.

Research objective. The fact that khanums and khanshi are highly respected in the literature of the Khanate era is the reason for the emergence of such equations as “Khan’s daughter” and its continuation in later literature. It is not surprising that the khan’s court was dominated by khanums and khanshi, and that they had a great influence on the domestic and foreign policy of the state. The mythical aspect of the image of khanum is also discussed on a scientific basis.

Scientific relevance of the study. In the shortest possible time, when hostility engulfs the outskirts of the country, the emotionality of the inhabitants of the Horde, including ladies and princesses, is studied in situations such as the ability to portray them in artistic reality. Khanums’ great authority within the country, her high authority in front of her spouse, her relationship with her spouse, respect, and the main aspects connecting them are also the most interesting part of the article. Zhyrau’s poetry proves that the ladies and princesses witnessed many historical moments as minor characters, although they were not such a major figure as the khan.

Practical significance of the study. Modernization of historical memory through the image of khanums and khansha in the heritage of the zhyrau, as well as support for the modern gender policy of a sovereign state, improving the image of women in the public environment.

Keywords: zhyrau, image, Han era, khan, khanum, hansha, historical reality, unity of the country

Мақала түсті / Статъя поступила / Received: 21.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Автор туралы мәлімет:

Жумағалиева Рита Рахмановна – PhD докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан. E-mail: omar_aly82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8747-0926>.

Информация об авторе:

Жумағалиева Рита Рахмановна – PhD докторант, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан. E-mail: omar_aly82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8747-0926>.

Information about the author:

Zhumagaliyeva Rita – PhD student, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. E-mail: omar_aly82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8747-0926>.